


Дәріс тақырыбы:  
**Психодиагностика ғылым және  
практикалық іс-әрекет ретінде**



# ЖОСПАР:

1. “Психологиялық диагностика” терминінің мәні
  2. Психодиагностика пәні және оның психологиялық білім және психологиялық практика жүйесіндегі орны
  3. Психодиагностикалық жағдаяттар
  4. Психодиагностикалық үрдіс ұғымы және оның кезеңдері
  5. Психодиагностика объектісі, оның құрылымы және күйі
  6. Психодиагностикалық құралдар
  7. Психодиагностикалық диагноз және оны қою әдістері
- 

## “Психологиялық диагностика” терминінің мәні

**Диагностика** (“диа” және “гнозис”) –  
“*айырмашылықты тану*”.

*Диагностика:*

- ✓ белгілі бір объектінің немесе жүйенің күйін маңызды параметрлерді тіркеу және оларды кейбір диагностикалық категориялармен салыстыру жолымен тану;
- ✓ диагностика жүргізілетін жүйенің маңызды көрсеткіштерін анықтау жолдары мен тәсілдерін зерттейтін және қолданатын арнайы іс-әрекет.

**Психодиагностика** ұғымы 19 ғ. соңында пайда болған. Ол Ф.Гальтон, Дж.Кеттел, Г.Эббингауз, Э. Крепелин, Г.Россолимо, Г.Роршах т.б. есімдерімен байланысты.

“Психодиагностика” ұғымы “жан айырмашылықтарын тану” дегенді білдіреді.

**“Психодиагностика”** термині ең алғаш А.Бине және Т.Симонның 1905 жылы Францияда жарыққа шыққан “Аномалдылардың зияткерлік деңгейін диагностикалауға арналған жаңа әдістер” еңбегінде қолданылған.

Бұл ұғым Г.Роршахтың 1921 жылы жарыққа шыққан “Психодиагностика” кітабында анағұрлым кең қолданылған.

**“Психодиагностика”** сөзі психологиялық диагноз қоюды немесе адамның (топтың) психологиялық күйіне қатысты қандай да бір психологиялық белгі, қасиеттеріне қарай білікті қорытынды жасауды, адамның жекелеген ерекшеліктерін әртүрлі әдістерді қолдану арқылы тануды білдіреді.

**Психодиагностика** – адамның (топтың) жеке-дара ерекшеліктерін танудың әртүрлі әдістерін жасаумен және қолданумен байланысты психологиялық ғылым саласы және психологиялық практика формасы.

**Психодиагностика мақсаты** – адамдар немесе топтардың қандай да бір ортақ белгілерінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

## Қазіргі психодиагностика құрылымы:

1. Психологиялық өлшеудің жалпы теориясы.
2. Жеке теориялар және тұлға қасиеттері мен мінез-құлқын өлшеу әдістемелері.
3. Бағалау теориясы және әдістемелері (тестілік диагностика).
4. Психометрия.

## **2. Психодиагностика пәні және оның психологиялық білім және психологиялық практика жүйесіндегі орны**

**Психодиагностика пәні** диагностика жүргізу және қорытынды жасау принциптерін, психодиагностика әдістері мен әдістемелерін, дифференциалды психометриканы, әдістемелер жасауға қойылатын нормативті талаптарды, оларды бейімдеуді және қолдануды құрайды.

**Психодиагностика :**

- 1) ғылым ретінде;**
- 2) практикалық қызмет ретінде.**

## 1. ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕГІ ПСИХОДИАГНОСТИКА:

- психологиялық құбылыстар табиғатын, психодиагностикада қолданылатын құралдардың жалпы ғылыми және методологиялық талаптарға сәйкестігін зерттейтін;
- психодиагностиканың әртүрлі құралдарына және оларды қолдану процедурларына қойылатын әдістемелік талаптарды жасайтын;
- практикалық психодиагностика нәтижелерінің дұрыстығы негіздемесін зерттейтін;
- психодиагностика әдістерін құрастырудың негізгі процедураларын жасайтын және олардың ғылымилығын тексеретін ғылыми білім саласы.



Ғылым ретіндегі психодиагностиканың негізгі әдісі - **диагностикалық зерттеу.**

*Диагностикалық зерттеу:*

- өлшенетін қасиеттер концепциясын тұжырымдауға, белгіленген қасиет туралы ақпарат алуға болатын диагностикалық белгілерді анықтауға бағытталған жұмыстар кешені;
- анықталған белгілерді тіркеу әдістемесін жасау және сынау. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижесі – практикаға психодиагностикалық әдістемелерді жасап, енгізу.

## Психодиагностика практикалық қызмет ретінде:

- тұлғаның және топтың психологиялық ерекшеліктерін тікелей анықтау және бағалаудан тұратын әдістер мен процедуралар жүйесінен;
- психодиагност ретіндегі психологқа қойылатын кәсіби талаптарды;
- психодиагностикалық жұмыстарды жүргізу шарттарына қойылатын талаптарды анықтаудан тұрады.

Психодиагностикалық практика барысында дайын әдістемелермен сыналушыларға тексеру жүргізіледі, оның нәтижесі нақты адамдардың психикалық қасиеттері мен ерекшеліктері туралы ақпарат алу.

*Психодиагностика ғылым саласы ретінде әртүрлі психодиагностикалық әдістемелердің ғылымилығын тексеру принциптерінен, процедураларынан және тәсілдерінен тұрады.*

*Психодиагностика практика саласы ретінде әдістердің (психодиагностикалық) практикалық қолданысына қатысты кәсіби білімдер мен ептіліктерге бағдарланады.*

### 3. ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАР

1. **Кеңес беру** – сыналушы тексеру инициаторы және психодиагностикалық ақпарат алудың басты адресаты болып табылатын жағдаят. Сыналушы өз еркімен психологтан кеңес алуға келеді, кеңес алу үстінде клиент өз мәселелерін ашық айтып, өз мәселесін шешуге белсенді қатысуы керек, кеңес беруші көмек көрсетуге жауапты болады.
2. **Іріктеу** – тексерілуші оқу орнына тусу, жұмысқа орналасу туралы шешім қабылдайды, ал оның алдағы тағдырының шешімі психодиагностикалық тапсырмаларды орындағаннан кейін өзге тұлғаларға (қабылдау комиссиясының мүшелері, кәсіби іріктеу мүшелері, кадр бөлімі қызметкері) байланысты болып келетін психодиагностиканы қолдану жағдаяты.

**3. Еріксіз (күштеу) тексеру** - сыналушылардың тексеруге қатысуы әкімшілік немесе қоғамдық ұйымдардың шешімі бойынша анықталатын психодиагностиканы қолдану жағдаяты (бұқаралық социологиялық және демографиялық сұрақтамалар, студенттердің тестілік тапсырмалардан өтуі т.б.).

**4. Аттестация** – сыналушы мінез-құлқын қатаң бақылауға алумен , оны тексеру жұмысына қатысуын мәжбүрлеумен т.б. ерекшеленетін психодиагностикалық жағдаят.

**Психодиагностикалық міндеттер** – практикалық психологтың сыналушының психикалық күйін, қасиеттерін бағалауда оның белгілі бір ерекшеліктерінің психологиялық себебін анықтауы.

# Психодиагностикалық үрдіс ұғымы және оның кезеңдері

**Психодиагностикалық үрдіс** - психодиагностың тексерілушімен өзара әрекеттесуі, психологиялық диагноз қоюға бағытталған психодиагностикалық әдістемелер мен процедураларды қолдануы.

## Психодиагностикалық үрдістің негізгі құрылымдық элементтері:

- психодиагностикалық қызмет субъектісі (психолог);
- психодиагностика объектісі (тексерілуші, сыналушы);
- психодиагностикалық құралдар;
- психологиялық диагноз;
- Психодиагностикалық құралдарды қолдану ережелері, алынған мәліметтерді интерпретациялау және оны сыналушыларға жеткізу.

## Психодиагностикалық үрдіс кезеңдері

Тапсырыс алу;

Зерттеу міндеттерін қою, міндеттерге сәйкес әдістемелерді таңдау.

Объект туралы деректер жинау;

Деректерді өңдеу және интерпретациялау;

Болжам шығару;

Болжамды нақтылау қосымша тексеру барысында;

Психологиялық қорытынды (психологиялық диагноз) жасау. .



# Психодиагностика объектісі, оның құрылымы және күйі

Диагностикалық тану *объектісі* – адам психикасы.

*Диагностикалық белгілер* – тікелей бақыланатын психикалық көріністер. Бұл психикалық көріністер белгілі бір категорияға жатқызылады.

*Диагностикалық категория* – бұл объектілер (адамдар тобы) класы, оларға ортақ диагноз - диагностикалық қорытынды (мысалы, ақыл-ойдың даму деңгейі туралы, тұлғалық дамуы, психологиялық бейімделуі туралы т.б.) жасалады.

## 6. Психодиагностикалық құралдар

*Психодиагностикалық құралдар* – бұл құралдар көмегімен психодиагностикалық іс-әрекет жүзеге асырылады.

# Психодиагностикалық құралдар

```
graph TD; A[Психодиагностикалық құралдар] --> B[Өлшеу және бағалау, психодиагностика объектісінің элементтері күйін өзгерту құралдары]; A --> C[Психодиагностикалық сипаттау құралдары]; A --> D[Психодиагностикалық процесті сипаттау және психодиагностикалық қорытынды жасау құралдары];
```

**Өлшеу және бағалау, психодиагностика объектісінің элементтері күйін өзгерту құралдары**

**Психодиагностикалық сипаттау құралдары**

**Психодиагностикалық процесті сипаттау және психодиагностикалық қорытынды жасау құралдары**

## **7. Психодиагностикалық диагноз және оны қою әдістері**

**Психологиялық диагноз** - бұл сыналусыларды белгілі бір психодиагностикалық категорияға жатқызуда, анықталған қасиеттердің құрылымын сипаттауда, объектінің ағымдық күйінің себептерін түсіндіруде, оның болашақтағы мінез-құлқын, дамуын болжауда көрінетін психодиагностикалық тексеру нәтижесі.

## Психологиялық диагноз кешенді және жүйелі сипатта болады:

- ✓ симптоматикалық деңгейде анықталған қасиеттердің (профиль түріндегі) құрылымын сипаттау;
- ✓ этиологиялық деңгейде индивидтің ағымдағы психикалық күйінің себептерін түсіндіру;
- ✓ типологиялық деңгейде сипаттаушы жалпылаулардан тұлға теорияларының гипотетикалық құрылымдарына көшу. Ол алынған деректерді негіздеуге және сыналудың болашақ мінез-құлықты болжауға, сонымен қатар психологиялық көмек көрсету үшін бағдарлама жасауға қажет.

## Психодиагностикалық қорытынды жасау пәні

- психикалық бұзылыстар;
- нормадан ауытқу;
- индивид немесе топтың психологиялық айнымалылары, себептері, мінез-құлық ерекшеліктеріне ықпал ететін факторлар.

# Психологиялық қорытынды жасау талаптары

- ❑ психологиялық қорытынды тапсырыс мақсатына, ақпаратты алатын тапсырушының дайындық деңгейіне сай болуы тиіс;
- ❑ қорытынды мазмұны диагностика мақсатынан шығуы керек;
- ❑ қорытынды мазмұнына алынған деректерге байланысты нақты ұсыныстар берілуі қажет;
- ❑ қорытындыда психодиагностика үрдісінің қысқаша сипаты енгізілуі керек, яғни қолданылған әдістер, олардың негізінде алынған деректер және оның интерпретациясы болуы керек;
- ❑ қорытындыда респодент күйі, сыналудың психологпен байланысының сипаты, тестілеудің стандартты емес жағдайлары т.б. сияқты зерттеу жүргізудің ситуациялық айнымалыларын нұсқау керек.